

Мамандық аттестемелік



Нысан
ПМУ ҰСТ 7.18.2/01

Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрлігі

С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті

Электрэнергетика кафедрасы

050718- Электрэнергетика мамандығының қорытынды мемлекеттік
аттестациясы бойынша

ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУ

Павлодар

Қорытынды
бойынша :



эстация
уларды

Нысан
ПМУ ҰСТ 7.18.2/24

Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрлігі
С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті

БЕКІТЕМІН

ОІ жөніндегі проректор
_____ Н.Э. Пфейфер
« ____ » _____ 20__ ж.

050718- Электрэнергетика мамандығының қорытынды мемлекеттік
аттестациясы бойынша

ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУ

Әдістемелік нұсқаулар ГОСО РК 3.08.344-2006 мамандығы Мемлекеттік жалпы-міндетті білім беру стандарты, үлгерімді бақылауды жүргізудің типтік ережелері, аралық және жоғары оқу орындарында оқитындарды қорытынды аттестациялау және ГОСО РК 5.03.016 – 2009 «Жоғары оқу орындарында дипломдық жұмыстарды орындау ережелері. Негізгі заңдар» негізінде орындалған

Құрастырушылар: доцент, т.ғ.к. _____ Марковский В.П.
аға оқытушы _____ Акаев А.М.

«Электрэнергетика» кафедрасы

Кафедра отырысында ұсынылған
Хаттама № _____ « ____ » _____ 20__ ж.

Кафедра меңгерушісі _____ В.П. Марковский

Энергетикалық факультеттің оқу-әдістемелік кеңесімен мақұлданған
« ____ » _____ 20__ ж. Хаттама № _____

ОӘК төрайымы _____ Кабдуалиева М.М.

КЕЛІСІЛГЕН

Факультет деканы _____ Кислов А.П. « ____ » _____ 20__ ж.

ОҰСМБ МАҚҰЛДАНҒАН

ОМКУП басшысы _____ Крюкова Е.В. « ____ » _____ 20__ ж.

ОҰ ЖБЖӘҚБ МАҚҰЛДАНҒАН

ОҰ ЖБЖӘҚБ басшысы _____ Варакута А.А. « ____ » _____ 20__ ж.

Университеттің оқу-әдістемелік кеңесімен мақұлданған
« ____ » _____ 20__ ж. Хаттама № _____

1 Мемлекеттік емтиханды және қорытынды мемлекеттік аттестацияны өткізудің мақсаттары, тапсырмалары және формалары.

Мемлекеттік емтиханды өткізудің мақсаты болып арнайы теориялық білімдерді және түлектің таңдалған мамандық бойынша тәжірибелік жұмысқа дайындығын анықтау болып табылды.

Қойылған мақсат келесі тапсырмаларды шешуді қажет етеді:

- Мемлекеттік емтиханның негізгі талаптарына студенттердің дайындық деңгейінің сәйкестігін анықтау ;

- Мамандық бойынша бекітілген бағдарламамен сәйкестікте студенттердің пәндер бойынша дайындық деңгейін бағалау ;

- Түлектің кейінгі тәжірибелік сферасында толық бейімделуге қажетті теориялық білімдерінің қорытынды бағасын шығару.

Дипломдық жобалаудың мақсаты болып табылады:

- Нақты ғылыми, техникалық, экономикалық және өндірістік мәселелерді шешкенде, және де мәдениетті құрылыс мәселелерін шешкенде теориялық және тәжірибелік білімдерді, дағдыларды жүйеге келтіру, бекіту және кеңейту.

- Дипломдық жобада немесе жұмыста қарастырылатын проблемаларды және сұрақтарды шешкенде өзіндік жұмыс істеу дағдыларын дамыту және зерттеу мен эксперименттеу жүргізу әдістемесін игеру;

- Қазіргі өндіріс, ғылым прогресі, техника және мәдениет жағдайында студенттің бакалавр маман ретінде өзіндік жұмысқа дайындығын анықтау.

Дипломдық жоба (жұмыс) студенттің өзіндік көркем шығармасы болып табылады, оны орындауда студент заманауи математикалық аппараттармен, техника-экономикалық есептеулер әдістемелерімен, заманауи есептегіш техникамен жұмыс істей алатындығын көрсету керек және де түсініктеме хатта және графикалық бөлікте техникалық сауатты және әдеби тілде дайындалған материалды жеткізе білу керек.

Мемлекеттік емтихан комбинацияланған түрде жүргізіледі, ол барлық мамандық үшін төрт пән бойынша тесттерден тұрады: «Электрмеханиканың теориялық негіздері», « Электрэнергетикадағы математикалық есептер және компьютерлік модельдеу», «Электрмеханика және электрмеханикалық жабдық», «Электрэнергетика» және Электржабдықтау мамандығы (салалар бойынша) бойынша- «Электржабдықтау», «Электртехнологиялық өндірістік қондырғылар», Электрлік станциялар мамандығы үшін «Электрлік станцияларды жобалау», « Электр станциялардың электржабдықтарының жұмыс режимдері»; Электрэнергетикалық жүйелер мен тораптар мамандығы үшін –«Электр тораптардың параметрлері және есептеу», «Электр тораптарды жобалау» екі пән бойынша жазбаша бақылау.

2 Мемлекеттік емтиханды дайындауды ұйымдастыру және өткізу

Қорытынды мемлекеттік емтиханға оқу жоспарының және оқу бағдарламасының талаптарына сәйкес оқу үрдісін аяқтаған оқушылар кіргізіледі. Оқу үрдісін аяқтаудың негізгі критериясы болып бакалавр мамандығының білім алудың жалпы білім беру мемлекеттік стандарт талаптарына сай оқушының қажетті теориялық курсты игеру болып табылады.

Мемлекеттік емтиханға дайындалу үшін бір апта уақыт беріледі.

Емтихан алдында алты пән бойынша шолу дәріс өткізу қарастырылған, олардың тізімі алдынала әрбір мамандыққа бекітілген. Әрбір пән бойынша дәріс оқу уақыты 4 сағатты құрайды (бірақ қосынды түрде 20 сағаттан аспауы керек).

Оқушыларды қорытынды мемлекеттік емтиханға жіберу факультет деканының бұйрығымен оқушылар тізімі бойынша формаланады және мемлекеттік аттестациялық комиссияға беріледі.

Факультет деканына мемлекеттік аттестациялық комиссияның жұмыс кестесін құру жауапкершілігі қойылады.

Мемлекеттік емтиханалу комиссиясының жұмыс кестесі ректормен бекітіледі және мемлекеттік емтиханалу комиссиясының жұмысы басталғанға дейін екі апта бұрын жалпыға жарияланады. Мемлекеттік емтиханалу комиссиясының отырыстары күніне 6 сағаттан аспауы керек.

Мемлекеттік емтиханды өткізу реті оның бағдарламасының мазмұнын ескере өткізіледі. Және де бір уақытта емтихан тапсырушы студенттердің максималды саны 15 адамнан аспауы керек.

Тестілеуді ОҮСМБ жүргізеді. Тесттік тапсырмалар нұсқалары төрт пән бойынша 50 сұрақтан тұрады, 200 тесттен тұратын ортақ базадан кездейсоқ ретте құрастырылған. Тесттеу уақыты- 60 минут. Бір нұсқада 40 сұрақ.

Жазбаша емтиханды 5 адамнан тұратын мемлекеттік емтиханалу комиссиясы жүргізеді. Билеттің құрамына 2 сұрақ және мамандық саласы бойынша екі пәннен есеп кіреді, мемлекеттік емтихан бағдарламасына кіретін. Жазбаша емтихан жүргізу уақыты- 120 минут.

3 Қорытынды мемлекеттік аттестацияны дайындауды ұйымдастыру және өткізу

Дипломдық жоба (жұмыс) шығаратын кафедраға алдынала қорғану процедурасын өту үшін кафедраның ашық отырысында студенттер мен ғылыми жетекшінің қатысуы бойынша, және қажет жағдайда ғылыми консультанттардың қатысуымен көрсетіледі.

Толық аяқталған және формаланған, алдынала қорғануды табысты өткен дипломдық жоба (жұмыс) студенттің, ғылыми консультанттың қолдары қойылып, жетекшіге тапсырылады. Консультанттың визасы жобаның жалпы бөлігінің сәйкес бөлімінің мазмұнының бағдарлама талаптарына сәйкестігін куәландырады. Дипломдық жобаны (жұмысты) қарап болғаннан кейін ғылыми жетекші мазмұнның толық бағдарлама талаптарына сәйкестігін тексеріп, жұмыстағы кемшіліктер мен жақсы жақтарын, студенттің өзіндік жұмысының дәрежесін, онда дара техникалық шешу жолдардың бар балуы немесе болмауын, техникалық пайдалылығын және жұмыстың мүмкіндік құндылығын көрсететін және жұмысқа жалпы сапалық баға берілетін жауап хаттама құрастырады. Мақұлдамаған жағдайда ғылыми жетекші дипломдық жобаны (жұмысты) өз қолымен бекітпейді, алайда жазбаша түрде жауап хат жазады, онда ол дипломдық жобаны (жұмысты) қорғанысқа неліктен жібермеу керектігін негіздейді.

Жазбаша жұмыстарды өздік орындауды қамтамасыз ету мақсатында дипломдық жобалар (жұмыстар) «Антиплагиат» бағдарламалық қамтамасыздандырумен тексеріледі.

Дипломдық жұмысты ғылыми жетекшінің қолымен бекіткеннен кейін жұмыс кафедра меңгерушісімен визаланады, ол жобаны (жұмысты) қорғануға екі апта уақыт қалғанда титулдық бетте арнайы жазба жасап, оны «Антиплагиат» бағдарламалық қамтамасыздандыру арқылы тексеру немесе тексермеу шешімін қабылдайды. Дипломдық жобаны (жұмысты) «Антиплагиат» бағдарламалық қамтамасыздандырумен тексеру нәтижелері бойынша кафедра меңгерушісі дипломдық жобаны (жұмысты) қорғануға жіберудің қорытынды шешімін қабылдайды.

Дипломдық жоба (жұмыс), шығарушы кафедрамен ұсынылатын, факультет деканымен рецензияға жіберіледі. Өнеркәсіп мамандарынан және ғылыми ұйымдардың санынан тұратын рецензенттер құрамы шығарушы кафедра меңгерушісінің ұсынуы бойынша факультет деканымен бекітіледі. Факультет деканы дипломдық жұмысты рецензиямен қоса қорғануға ГАК-қа жібереді.

ГАК-та дипломдық жұмысты қорғау үшін келесі документтер ұсынылады:

- студентпен оқу жоспарының орындалғандығын және онымен теориялық пәндер бойынша, курстық жобалар және жұмыстар, оқу және өндірістік тәжірибелер бойынша баға алғандығы факультет деканының анықтамасы;

- жетекшінің жауап хаты;

- дипломдық жұмысқа рецензия.

Одан басқа, ГАК-қа орындалған дипломдық жұмыстың ғылыми және практикалық құндылығын сипаттайтын басқа материалдар ұсынылуы мүмкін-жұмыс тақырыбы бойынша баспа мақалалар, жұмыстың тәжірибелік қолданылуын көрсететін документтер, макеттер, материалдар үлгілері және өнімдер.

Мемлекеттік аттестациялық комиссияның жұмыс кестесі ректормен бекітіліп, жалпыға мемлекеттік аттестациялық комиссия жұмысқа кірісуіне 2 жұма қалған уақытта жеткізіледі. Мемлекеттік аттестациялық комиссияның жұмыс уақыты күніне 6 сағаттан аспауы керек.

Дипломдық жұмыстың мазмұнының жеткізу үшін ГАК студентке 15 минут уақыт бөледі. Бұл уақыт ішінде студент жұмыстың барлық мазмұнының ешбір артық детальдарсыз айтып беру керек.

Жеткіздірме кәсіби түрде келесі сұрақтарды толық және нақты ашып беру керек:

- дипломдық жобаны (жұмысты) шешуге қойылған есептер;

- бұл есептерді шешу жолдары;

- жобада (жұмыста) қабылданған шешулердің техника-экономикалық негізделуі;

- Жұмыстың негізгі техника-экономикалық көрсеткіштері және қысқаша қорытындылар.

Бір дипломдық жұмысты қорғау үшін бір студентке 30 минуттан артық уақыт бөлінбеуі керек.

3 Білімді бағалау реті

Комбинацияланған формада өтетін мемлекеттік емтихан шешімдерін бағалау келесі түрде орындалады.

Тесттілеу нәтижелерін ОМиКУП береді. Тесттік тапсырмалардың нұсқалары бойынша жауаптарды бағалау автоматты түрде сәйкес кілттерді қолдану арқылы орындалады.

«Үздік» деген баға студентке, егер ол 90-нан 100 балға дейін алған жағдайда қойылады.

«Жақсы» деген баға студентке, егер ол 75-тен 89 балға дейін алған жағдайда қойылады.

«Қанағаттанарлық» деген баға студентке, егер ол 50-ден 74 балға дейін алған жағдайда қойылады.

«Қанағаттанарлықсыз» деген баға студентке, егер ол 49 және одан төмен балл жинаса қойылады.

Бұл жағдайда тесттілеу нәтижелерінің шекті салмағы мемлекеттік емтиханның қорытынды бағасында 0,3 құрайды.

Жазбаша емтихан нәтижелері, билеттер бойынша өткізілетін, 100 балдық шкала бойынша емтихандаушы комиссия бағалайды. Жазбаша емтиханды бағалағанда жауаптың дұрыстығы және толықтығы ескеріледі. Жазбаша емтихан нәтижелерінің шекті салмағы қорытынды бағада- 0,7.

Тесттілеу (Т) нәтижелерін және жазбаша (Ж) емтихан нәтижелерін ескере отырып мемлекеттік емтиханның қорытынды бағасы келесі формуламен анықталады:

$$Қ = Т \times 0,3 + Ж \times 0,7 \quad .$$

Мемлекеттік емтиханның қорытынды нәтижесі студенттерге емтихан алушы комиссия кеңесінен кейін емтихан өткізілген күнде жарияланады.

«Қанағаттанарлықсыз» деген баға алған студенттерге мемлекеттік емтиханды қайта тапсыруға қорытынды аттестацияның берілген кезеңінде рұқсат берілмейді.

Дипломдық жобаны (жұмысты) қорғағаннан кейін ГАК жабық отырыста ашық дауыс беру арқылы дипломдық жұмысты балдық-рейтингтік әріптік жүйе бойынша бағалау туралы шешім қабылдайды- үздік, жақсы, қанағаттанарлық, қанағаттанарлықемес. Және де теориялық, ғылымдық және тәжірибелік дайындық деңгейі, ғылыми жетекшінің жауап хаты жәек рецензенттің бағасы назарға алынады.

Дауыстардың тең жағдайында, орынбасардың дауысы шешуші болып табылады. Оң бағаны көтеру үшін дипломдық жобаны (жұмысты) қайта тапсыруға рұқсат берілмейді.

Орынды себеп бойынша дипломдық жұмысты қорғамаған студент ГАК төрағасының атына өтініш жазады, және де қорғау кезінде неліктен болмағандығын растайтын документті ұсынуы керек, және оның рұқсаты бойынша дипломдық жобаны (жұмысты) берілген комиссия отырысының басқа

күнінде қорғай алады.

Егер студент оқу жоспарының барлық пәндерінің 75 пайызын «үздік» деген бағаға тапсырып, ал басқа пәндерді «жақсыға» тапсырса, мемлекеттік емтиханда және дипломдық жұмысты қорғағанда «үздік» деген баға алса, және де өзін ғылыми және әлеуметтік жұмыста көрсетсе, онда оған ерекше үлгідегі диплом беріледі.

4 Қайта аттестация өтудің реті

Қайта қорытынды аттестация қорытынды аттестацияның келесі кезеңінде алдыңғы қорытынды аттестацияда қанағаттанарлықсыз деген баға алынған формалар бойынша ғана тапсырылады.

Дипломдық жобаны (жұмысты) қорғау кезінде қанағаттанарлықсыз деген баға алған студент ЖОО-нан шығарылады, оған орнатылған үлгідегі академиялық анықтама беріледі. Ол дипломдық жұмысты қайта тапсыруға ЖОО-ның бітіргеннен кейін үш жыл ішінде жіберіледі. ГАК студенттің қайта қорғауға сол жұмысты жетілдірулермен ұсына алатындығын, белгілі комиссиямен, немесе шығарушы кафедрамен жасалатын басқа тақырыпты дайындау керектігін шешеді.

Мемлекеттік емтиханға шығарылатын пәндердің тізімін, бұл емтихандарды тапсырмаған студенттер үшін теориялық курс оқушысының аятайтын жылдағы қолданылатын оқу жоспарымен анықталады.

Қорытынды аттестация нәтижелері бойынша оқудан шығарылған студент, бір жылдан кейін, қорытынды аттестация басталғанға дейін 2 жұма бұрын білім беру ұйымдастырушысы жетекшісінің атына «қанағаттанарлықсыз» деген баға алынған сол немесе басқа формалар бойынша емтихан тапсыруды рұқсат ету үшін өтініш жазады.

5 Университетті бітіру бойынша документтерді формалау және беру реті

Қорытынды аттестацияны өткен, және, жоғары білімнің сәйкес кәсіби оқу бағдарламасын меңгергенін дәлелдеген студентке, ГАК-тың шешімі бойынша «электрэнергетика бакалавры» деген академиялық дәреже беріледі және мемлекеттік үлгідегі қосымшалы диплом марапатталады.

Дипломға берілетін қосымша регистратор офисінің анықтамасы негізінде оқушымен жеке оқу жоспарын орндағаны, барлық пәндер бойынша көлемдегі баға негізінде, ГОСО бойынша қарастырылған, тапсырылған курстық жобалар (жұмыстар) бойынша, тәжірибе түрлері және қорытынды аттестация негізінде толтырылады.

Дипломдық жобаны (жұмысты) табысты қорғағаннан кейін ГАК хаттамасының негізінде, деканат студенттің С. Торайғыров атындағы ПМУ-дан шығару туралы бұйрық шығарады және студентке айналма парақ береді. Бұйрыққа қол қойғаннан кейін бір ай ішінде студентке ЖОО-н бітіргені туралы диплом беріледі.